

- 1) реализовать права и законные интересы студентов в области самоуправления, предусмотренные наднациональным и национальным законодательством;
- 2) выполнить рекомендательный параметр Болонского процесса;
- 3) выполнить рекомендации, указанные в Пражском и Берлинском коммюнике, Хартии Совета Европы о воспитании демократической гражданственности и образовании в области прав человека, а также рекомендации Европейского студенческого союза;
- 4) формировать управленческое мышление и демократическую культуру у студентов, направленную на обеспечение принципов правового и демократического государства.

В перспективе студенческое самоуправление должно выходить за рамки вуза, активно и непосредственно участвуя во всех сферах общественной жизни страны. Таким образом, студенческое самоуправление может и должно играть роль связующего звена между личностью студента и общественными организациями, гражданским обществом и государством. Необходимо отметить, что результатом реализации данной задачи в Институте является постепенный переход студенческого самоуправления на самостоятельные общественные молодежные организации: МОО «Жастар» и ОМО «Назар аудар», которые успешно работают в реализации государственной молодежной политики.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Послание Главы государства народу Казахстана «Казахстанский путь–2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» // Республиканский общественно-политический журнал «Мысль». – 2014. – №2. – С.2–9.
- 2 “StrategischenRahmenfür die europäischeZusammenarbeit auf demGebiet der allgemeinen und beruflichenBildung” // (“ET 2020“) [Amtsblatt C 119 vom 28.5.2009].
- 3 Акшина И.Б. Модель студенческого самоуправления в системе высшего образования Германии / /Вестник Поморского университета. Сер. Гуманитарные и социальные науки. – 2010. – №5. – С. 123–127.
- 4 Хартия Совета Европы о воспитании демократической гражданственности и образования в области прав человека // Издательство Совета Европы. – Январь 2011 г. – С. 2–39.

### СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІН - ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Байжанова С.А., Жарбулов И.А.,  
Частное Учреждение «Колледж ЗЕРЕК», г. Костанай*

*Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз,  
қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз.*

*М. Әуезов*

Егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Жас ұрпақ – ел тірегі, ертеңіміздің кепілі – деген сөз бар.

Қай ғасыр болсын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Әрбір қоғамның өз дамуы жағдайында бұл өткір мәселе әрқалай шешіліп отырған.

Қазіргі таңдағы ағымда тәрбие мәселесі оңай болып отырған жоқ. Кейбір тұрмыстық қиындықтар мен өмір сүрудің ауытқушылығынан руханиятсыздық белең алды. Сондықтан Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдаулары мен сөздерінде егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын баса айтып келеді. Елбасы әсіресе, жастардың ұлттық патриотизм сезімін оятып, тәрбиелеу қажеттілігіне айрықша көңіл аударуда.

Білім беру ұйымдары арқылы азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиелеуді жүргізу, құқықтық мәдениетті арттыру жөніндегі тәрбиежұмысы жүйесінің жастарды әлеуметтендіру институттарының маңызды элементі бола отырып, қоғам үшін ратегиялық маңызы бар.

Оқу орындарындағы тәрбиелеу процесінің жоғары білім беру ұйымдарына тән проблемаларына мыналарды жатқызуға болады.

*Біріншіден*, жоғары оқу орындарындағы тәрбие процесі көбінесе формалдық сипатта, жұмыста тиістілімділік әкелмейді.

Жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің 2012 жылғы қарашада Алматы қаласындағы отырысында атап өтілгендей: «Жастардың тәрбиесіне осындай көзқарас оған жоғары оқу орындарынан тыс ортаның ықпалын күшейте түседі. Нәтижесінде дәл осы Алматы қаласының жоғары оқу орындарында қылмыстылық, нашақорлық және жастардың діни секталар мен бірлестіктерге тартылуының жоғары көрсеткіштері байқалады. Ресми деректер бойынша, діни-экстремистік және террористік қызмет үшін сотталған дәстүрлі емес ислам ағымдарын жақтаушылардың негізгі бөлігін 18-ден 25-кедейінгі жастағы азаматтар құрайды. Бұл фактілер жоғары оқу орындарының ректорларынан жастардың проблемаларына дереу ден қоюды және оны әлеуметтік бейімдеуді талап етеді» /1/.

Осы ағымдарды еңгеру мақсатында оқу орындарындағы *тәрбиелеу* процесін *әртараптандыру*, оның мазмұнын жаңарту қажет. Сарапшыларатап отырғандай, «Ең алдымен тәрбие процесініңмазмұнын жаңарту қажет. Іс-шараларды студент құлшыныспен келіп қатыстындай және өзі үшінпайдалы дүние алатындай етіпұйымдастыру керек. Жастарды тәрбиелеуді жүйелі негізде құру, жаңатәсілдер іздеу, студенттік өзін-өзі басқаруды қосаалғанда, қоғамдық басқару түрлерін кеңінен дамыту қажет. Қазіргі заманғы жағдайларда студентжастардың табысқа, әлеуметтік белсенділіккебетбұруы аса маңызды» /2/.

*Екіншіден*, Қазақстан Республикасы оқу орындары қауымдастығының басшысы Р. Алшановтың пікірі бойынша, жеке меншік жоғары оқу орындары студенттерінің 20 пайызы ғана тәрбие жұмысымен қамтылған, қалғандары өз беттерінше өмір сүруде /3/. Қазақстандық жоғары оқу орындарының алдына болашақ жас мамандарды оқыту ғана емес, тәрбиелеу міндеті де қойылған. Жаһандану, әртүрлі ақпараттық ағындардың әсер етуі, құндылық дағдарысы жағдайларында жастар әртүрлі радикалды, экстремистікидеялар ықпалына ұшырайды. Оның құқықтық сауатының деңгейі де жоғары емес. Осыған байланысты педагогтар жастарға бағыт беріп, олардың азаматтық ұстанымын және патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Сарапшылар атап көрсеткендей, қазақстандық студенттердің 50 пайыздан астамы жеке меншік жоғары оқу орындарында білім алады (2013 ж.). Бірақ коммерциялық жоғары оқу орындарының жартысы тәрбие процесіне көңіл аудармайды. Дәл осы себептергебайланысты жеке меншік жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының сапасын жақсартуқажет,өйткені маманның бойында патриотизмді тәрбиелеп, жақынына деген құрметті сіңірмесе, сапалымаман даярлау мүмкін емес. Осы мәселеде көптегенсебептер бойыншажекеменшік жоғары оқу орындарына үлкен жауапкершілік жүктеледі: біріншіден, елімізде 58 мемлекеттік және 85 коммерциялық оқу орындары бар, екіншіден, жекеменшік университеттердің қамқорлығына шамамен 319 мың студент берілген, бұл студентжастардың 50%-ынан асады (2012 ж.). Алайда, жастарды оқыта отырып, жекеменшік жоғары оқу орындарының барлығы бірдей жас мамандардың жаңа буынының арасында тәрбие жұмысын жүргізу қажет деп санамайды. Мәселен, Р. Алшановтың сөзіне қарасақ, жеке меншік жоғары оқу орындарының жартысында ғана тәрбие жұмысы жөніндегі проректорлар және студенттерді тәрбиелеу бағдарламалары бар. Көптеген жекеменшік жоғары оқу орындары тәрбие процесінің шеңберінде жеткілікті іс-шаралар өткізетінін де жоққа шығаруға болмайды. Алайда, студенттерді барынша көптеп қамту үшін бұл қызметті кеңейту қажет /4/.

*Үшіншіден*, бір қатар себептер оқу орындарының әлеуметтік-тәрбие жұмысының нәтижелілігіне әсер етеді, атап айтқанда студенттер таңдап алған мамандығын игеруге тиісінше қызығушылық танытпайды, ішкі мәдениетінің төмендігімен ерекшеленеді; жастар ортасында спиртті ішімдіктерге де, есірткіге де төзіммен қарау байқалады (кейбір студенттер өздері есірткі таратады);жастар ортасында қылмыстылық деңгейі өсіп келеді. Бұл ағымдар жастар ортасында құрдымға тартатын әдеттерді және тиісті мінез-құлық нормаларын тарату үшін

қолайлы негіз қалыптастырады. Осы ағымдарды еңсеру мақсатында формалдық көзқарастан, тәрбиелеу-алдын алу іс-шараларын жүзеге асырудағы жалған ұйымдастырушылықтан және төмен тиімділіктен бас тарту қажет. Кураторлықтың қоғамдық жүктеме болуы мұндай көзқарастың себептері болып табылады. Тәрбие процесін жүзеге асыруға формалдық көзқарастың түп тамырына балта шабу үшін оқу процесінде тәрбие жұмысын іске асыратын кураторлар үшін материалды қынталандыру жасау қажет. Бұдан басқа оқытушылар құрамының тәрбие жұмысын жүргізу, оны жүзеге асырудың жаңа инновациялық түрлерін енгізу жөніндегі біліктілігін арттыру мәселелерін қарастыру керек. Тәрбие жұмысын белсенді іске асыратын оқытушыларды, студенттерді моральдық және материалдық ынталандыру жүйесін құрған жөн.

*Төртіншіден*, әлеуметтік-педагогтық ортаны интеграциялау, студенттер мен оқытушылар арасындағы шашырандылықты еңсеру қажет. Жекелеген тәрбиелеу іс-шараларын өткізуден жоғары оқу орнының өміріндегі жүйе түзуші негіз ретінде гуманитарлық (әлеуметтік-мәдени) педагогтық ортанықұруға көшу.

Осы мақсаттарда тәрбие процесін жетілдіру үшін студенттік өзін-өзі басқару әлеуетін белсенді пайдаланған дұрыс.

*Бесіншіден*, оқу орындарында жұмыс істейтін студенттік өзін-өзі басқару құрылымдары жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді, осылайша тәрбие жұмысының маңызды элементі болады. Сонымен қатар, бүгінгі күні бұл құрылымдардың қызметіне жоғары оқу орындары басшылығының тарапынан қолдау керек.

Студенттік бірлестіктер жұмысының оң тәжірибесін негізге ала отырып, *өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудағы* қиыншылықтарды да атап өткен жөн:

– әлсіз автономдық, яғни студенттік өзін-өзі басқарудың ұжым қызметінің мақсаттары мен міндеттерін қоюдағы салыстырмалы тәуелсіздік, оның негізгі бағыттарын әзірлеу;

– қызметінің уәждемесін, мақсаттарын, қолжеткізу құралдарын, жүзеге асыру стилін таңдапалудағы тәуелсіздікпен және дербестікпен сипатталатын ұстаным қалыптастыру мүмкіндігі /5/. Студенттік өзін-өзі басқаруды қолдау мақсатында жоғары оқу орындарының әкімшіліктері олардың қызметін көшбасшыларды, тәрбиелеу мақсаттарына байланысты жұмыс бағыттарын, көшбасшылардың біліктілігін арттыруды қолдау тұрғысынан қаржыландыру қажет. Көптеген жоғары оқу орындарында білім беру мекемесі әкімшілігінің студенттік өзін-өзі басқару құрылымдарының жетекшісін тағайындауы практикаға айналған. Мысалы, Л.Н. Гумилёв атындағы ЕҰУ-де Жастар саясаты орталығының жетекшісін (Жастар істері комитеті сияқты) Әлеуметтік және азаматтық даму департаменті бекітеді. Бұл студенттік өзін-өзі басқару қызметін автономдауға ықпал етпейді. Студенттік өзін-өзі басқару көш-басшысын студенттердің өздері сайлауға тиіс, осы жағдайда ғана жоғарыда аталған ағымдарды еңсеру туралы айтуға болады. Жоғары оқу орындарының міндеті білікті маманды дайындау ғана емесе оның бойында белсенді азаматтық ұстанымы бар, дербестілігі, жауапкершілігі мен бастамашылдығы қамтылған, еркін, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Дәл осылар ертеңгі күні елдің болашағы үшін жауапты болмақ. Бұдан басқа, студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысында сабақтастық жоқ. Өзін-өзі басқару ұйымдарының жарғылары, штат бірліктері жоқ. Бұдан өзге, студенттік өзін-өзі басқару органдарының жоғары оқу орындарының әкімшілігіне ықпал ету тетіктері жоқ. Өйткені олардың өкілдері көбінесе Жоғары білім беру ұйымдары ғылыми кеңестерінің құрамына кірмейді, ал кірген жағдайда олардың ол жерде толық дауысы жоқ. Дәл осылайша студенттердің мүдделерін білдіріп, студентті көзін-өзі басқарудың өзекті мәселелерін талқылауға болмай ма.

Алтыншыдан, көптеген оқу орындарында студенттердің әлеуметтік қорғалуы мәселелерін шешуге студенттік өзін-өзі басқару органдарының, студенттік кәсіподақ комитеттерінің әлеуеті аз тартылады. Осы студенттік кәсіподақ комитеттері студенттермен жоғары оқу орындарының әкімшілігі арасындағы әлеуметтік серіктестіктің белсенді буынына айналуға тиіс.

Жетіншіден, тәрбие жұмысын талдау және кейіннен жетілдіру мақсатында есептілік құжаттарына жүргізілген тәрбие жұмысының сапасы мен санын сипаттайтын нақты көрсеткіштерді, индикаторларды енгізу қажет. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысы туралы есептерінде осы қызметті талдауға біркелкі көзқарас жоқ. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетілгендей, «білім саласында білім беру статистикасы мәліметінің бір тұтас базасы жоқ. Білім берудің мемлекеттік статистика нысандарында кең жарияланымдар жоқ, біріктірілмеген, олар бойынша терең талдау жоқ әрі қоғамның көпшілігіне қолжетімсіз. Білім берудің ұлттық статистикасының көрсеткіштері халықаралық статистиканың талаптарына сай емес».

Сегізіншіден, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық құрылымында жоғары оқу орындарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарда заңнамалық деңгейде бекітілген біркелкілік қажет. Жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысының қазіргі жүйесінің елдің әртүрлі білім беру ұйымдарындағы құрылымы әртүрлі. Бұл оған қатысушылардың өз міндеттерін және жүйелі түрде өзара іс-қимыл жасауы түсінуіне ықпал етпейді, ол тәрбие қызметінің сапасына әсер етеді. Бұл туралы да Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында атап көрсетіледі: «Жастардың арасындағы тәрбие жұмысын үйлестірудің орталықтандырылған жүйесі жоқ».

Тоғызыншыдан, студенттік өзін-өзі басқару органдары құрылымдарының жоғары білім беру ұйымдары жүйесіндегі қызметін заңнамалық деңгейде айқындау және өзектендіру талап етіледі. Бүгінгі күні Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары сияқты стратегиялық құжаттарда мұндай жәйттар қамтылмаған.

Оныншыдан, сайттарды ресімдеуде біркелкілік жоқ. Мәселен, жоғары оқу орындарының сайттарында көбінесе тәрбие жұмысы құрылымдарының жүйелі жұмысы туралы, олардың өзара іс-қимылы жөнінде айтатын ақпарат жеткіліксіз. Олардың жұмыс істеуі және қызметін реттеу тетіктері туралы нормативтік сипаттағы ақпарат әрқашан орналастырыла бермейді,

*Он біріншіден*, оқу процесіндегі тәрбие жұмысын жоспарлау негіздері ретінде студенттер мен оқытушылардың мүдделерін, сұраныстарын, құндылықты бағдарларын жүйелі зерделеп отыру қажет. Сондай-ақ жастар ортасындағы моральдық-адамгершілік бағдарлардың сабақтастығын қамтамасыз еткен маңызды.

*Он екіншіден*, оқу-тәрбие процесін студенттердің болашақ кәсіби қызметімен ұштастыра жүзеге асыру, олардың ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ету маңызды. Азаматтылықты қалыптастыру, студентті оқу қызметінің ғана емес, әлеуметтік қызметтің десубъектісіне айналдыру үшін базалық пәндердің, оқу жұмысының әртүрлі нысандарының тәрбиелеу әлеуетін пайдалану қажет.

Осы жағдайларды ескере отырып, студенттік өзін-өзі басқару қызметінің негізгі бағыттарын анықтадым:

- студенттердің үлгерімі, сабаққа келуі, білім сапасы;
- пәндерді оқыту сапасы мен әдістемесі;
- оқытушылар мен студенттер арасында өзара түсіністік орнату;
- студенттердің демалу мүмкіндігі, тамақтану проблемалары;
- студенттердің демалысын ұйымдастыру;
- қала, ел шеңберінде мерекелік-шаралар ұйымдастыру;
- студенттердің күнделікті өмірін, тұрғын үй проблемасын ұйымдастыру;
- үздік студенттерді ынталандыру.

Студент жастардың кәсіптік қалыптасуын және шығармашылық әлеуетін өзін-өзі көрсетуі, сондай-ақ жаңа айқын дарындарын анықтау және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін өзім істеп жүрген «Зерек» колледжінде осындай жағдайлар жасалады.

«Денсаулық күні», «Білім күні», «Мұғалімдер күні», «Бірінші курс таланттары», «Студенттер көктемi» сияқты іс-шаралар, студент жастар арасында ҚР-ның мемлекеттік нышандарын насихаттау және оларға деген құрметті тәрбиелеу жөніндегі іс-шаралар, ҚР-ның Тұңғыш Президенті күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар, саясат, ғылым, мәдениет пен спорттың көрнекті қайраткерлерімен кездесулер дәстүрлі түрде өтетін болды. Сонымен қатар білім алушылар қала аралық іс-шараларға қатысады («Студенттер көктемi», КТК және басқалары) онда бірнеше мәрте дипломдар мен түрлі жүлделі орындарға ие болды. Денсаулық күндері, «Студенттер есірткіге қарсы», «ЖИТС-ке жол жоқ» акциялары, спартакиадалар және басқа да көптеген іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Осылайша жастардың белсенді өмірлік ұстанымын, көшбасшылық қасиетін, икемділігін, құзыреттілігін, іскерлігін қалыптастыруға болады. Алайда, оқу орнында тәрбие процесінің негізгі проблемалары мен оны жетілдіру жағдайлары осы аталған іс-шаралар шеңберінде ғана емес, одан әрі қарастыруды, одан әрі жетілдіруді қажет етеді деп ойлаймын.

## ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1 Алматы қ. Жоо Ректорлар кеңесінің отырысы туралы ақпарат. <http://www.vkgu.kz/ru/news/show/1077>

2 Алматы қ. Жоо Ректорлар кеңесінің отырысы туралы ақпарат. <http://www.vkgu.kz/ru/news/show/1077>

3 А. Бекирова «В казахстанских вузах лишь 20 процентов студентов охвачено воспитательной работой». <http://www.zakon.kz/4479944-vkazakhstanskikh-vuzakh-lish-0.html>

4 А. Бекирова «В казахстанских вузах лишь 20 процентов студентов охвачено воспитательной работой». <http://www.zakon.kz/4479944-vkazakhstanskikh-vuzakh-lish-0.html>

5 Қазақстанның жоғары білім беруінің халық аралық білім беру кеңістігіне кірігуі: жетістіктер, проблемалар, даму болашағы. – Алматы, 2010.

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ САМОУПРАВЛЕНИЯ В ВУЗЕ

*Васильева О.А., Селезнёва Т.О.,*

*Костанайский филиал Челябинского государственного университета*

К важным условиям организации воспитательной работы в университете относится создание единого воспитательного пространства. Воспитательное пространство является фактором социализации личности. Содержанием воспитательного пространства как фактора социального развития личности выступает предметно-пространственное окружение, социально-поведенческое окружение, событийное окружение, информационное окружение. Любая гуманистическая воспитательная система является открытой: в ее становлении, функционировании, развитии большую роль играет воспитательное пространство как компонент системы.

В целом в воспитательном пространстве исследователи выделяют несколько компонентов: деятельностный (пространство непосредственной самореализации, самоутверждения личности); коммуникативный (пространство непосредственного общения); социально-предметный (предметная среда человека); эмоциональный (пространство, повышающее настроенность студентов, готовность к контактам); информационный и др. /1, 88/.

По условиям существования студенческое самоуправление является воспитывающим пространством.

Существование развитого студенческого самоуправления в университете позволяет рассматривать его как характеристику воспитательного пространства вуза.

Последние годы система современного высшего образования занимается реставрацией роли молодежных общественных организаций, студенческого самоуправления в воспитательной деятельности высших учебных заведений. Общественные студенческие объединения